

Мектептің оқу кабинеттерінің дайындығын тексеру қорытындысы

І.Есенберлин атындағы орта мектепте 2023-2024 оқу жылына дайындығын тексеру мақсатында мектепті оқу жылына дайындау мақсатында мектептің жылу жүйесіне гидравликалық сынама жұмысы жүргізіліп, дайындық актілері алынды. Сонымен бірге барлық «Гигиенист» ЖШС тарапынан мектептің ауыз суы мен жарықтандыру, ауа сынамасы мен шаң-тозаң инәтижесі дәрежесі анықталып, қорытындысы алынды. Мектеп бойынша қолданыстағы 23 оқу кабинеті мен лабораторияларға ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді. Биылғы оқу жылына №3 кабинетке жаңа тақта қондырылды. №3,4,5 кабинеттер бойынша ағымдығы жұмыс жүргізілді. Мектептің әжетханаларына сұйық сабын диспенсерлер орнатылды. Кіріп-шығу есігі сырланды. Спортзал едені сырланды. Ақтөбе қалалық санитарлық- эпидемиологиялық бақылау басқармасының 05.12.2022 жылғы тексеру нәтижелері туралы актіде анықталған кемшіліктерге байланысты жүргізілген жұмыстардың қорытындысы:

- Мектептің техникалық қызметкерлері мен оқушыларын ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында электрлі қыздырғыш боллер орнатылды;
- Мемлекеттік сатып алу бойынша мектептегі санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу мақсатында таблетка-хлор, еден жууға арналған ветоштар алынды;
- Мектептің спортзал бөлігіндегі жылу батареялары мен регистрлар балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында қорғаныш қабаты орнатылды;
- Мектептің қасбетін жөндеу мақсатында жобалық-сметалық құжат әзірлеу үшін конкурс жарияланды;
- Мектепті күрделі жөндеуден өткізу бойынша техникалық бақылау актісі алынды;

Ақтөбе облыстық полиция департаментінің экстремизмге қарсы күрес мамандарының 2022 жылғы 25 шілдедегі тексерісі қорытындысы талап етілген турникет орнату жұмысы бойынша :

- Балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында турникет орнатылды; Ақтөбе қаласының «Aktobe suenergij group» АҚ мамандарының нұсқамасына сәйкес жылу есептігіш құрылғы қайта тексерістен өткізіп, қорытынды алынды.

Директордың ӘШЖЖ орынбасары:

 Г.А.Бекишова